

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**



**«БЕКІТЕМІН»**

Қабылдау комиссиясының  
төрайымы, университет ректоры  
Ж.Темірбекова  
«05» 2025 ж.


**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындау бағыты:** 6В032-Журналистика және ақпарат

**Білім беру бағдарлама тобы:** В042-Журналистика және репортер ісі

Құрастырғандар:

Ф.ғ.к., доцент м.а.  
Ф.ғ.к., профессор



Б.Баешова  
Б.Сердәлі

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Журналистика» кафедрасының  
мәжілісінде талқыланды. Хаттама №8... «08».....04.....2025 ж.

Кафедра меңгерушісі  Баешова Б.Ш.

Факультеттің академиялық комитетінде мақұлданды,  
Хаттама №8.. «10».....04.....2025 ж.

Академиялық комитет төрағасы/төрайымы  Р.Хазіретәліқызы

Факультет деканы  А.Куралбаева

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Университет Академиялық комитетінде бекітілді.

Хаттама №10.. «22».....05.....2025 ж.

## 1. Жалпы ережелер

В042 – Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы бойынша талапкерлерден шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасы типтік ережелер мен талаптарға сәйкес әзірленді.

Қазіргі заманғы журналист-студенттерді дайындау – теориялық дағдылармен қатар, практикалық құзыреттерді де терең меңгертуді талап ететін көпқырлы күрделі процесс. Бүгінде Журналистика білім беру бағдарламасы трансформацияланып, ақпарат берудің формалары өзгерді, электрондық БАҚ күн өткен сайын шапшаң қарқынмен дамып келеді. Ақпарат ХХІ ғасыр басында аса қажетті медиа өнімге айналып, журналистердің жауапкершілігін арттыруда. Бұл өз кезегінде 6В032-Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша білім алуды қалап отырған талапкерлерден шығармашылық емтихан алу талаптарын да күшейтіп отыр.

Шығармашылық емтихандар В042 – Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға түсетін барлық талапкерлерге міндетті. Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің бойындағы қабілеттерді және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттарды анықтауға бағытталған.

ЖОО түсу үшін қабылдау сынағы ретінде шығармашылық емтихандар тапсыру мамандықтың шығармашылық ерекшелігімен айқындалады: шығармашылық табиғаты, өзіне назар аударта білуі, өзін-өзі таныстыру дағдыларына ие болуы. Шығармашылық емтихандар талапкерлердің қабілетін және шығармашылыққа негізделген мамандықты игеру үшін тұлғалық алғышарттарын анықтауға бағытталған. Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін қойылатын талаптар орта немесе орта арнайы білім беру бағдарламасына сәйкес келеді.

Тапсырылған әр шығармашылық емтихан үшін 50 балл қойылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия оны бір тәулік ішінде қарайды.

## 2. Емтиханның мақсаты мен міндеттері

Шығармашылық емтихан В042 – Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы бойынша біліктілік алуға тілек білдірген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне құжат тапсырған талапкерлер арасынан әдеби шығармашылық және журналистік қызметке бейімі, кәсіби журналист үшін аса қажетті шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеті бар дарынды жастарды іріктеп алу және

келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру мақсатында ұйымдастырылады.

Шығармашылық емтихандардың мақсаты талапкердің B042-Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алуына дайындығын тексеру.

Міндеттері:

- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау,
- қарым-қатынас саласындағы жазбаша және ауызша білімін, ептілігі мен қабілеттерін анықтау,
- талапкердің аталған мамандыққа түсуінің мотивациясын және ЖОО бітірген соң мамандық бойынша құзыреттілігін анықтау.

### 3. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі

B042 – Журналистика және репортер ісі білім беру бағдарламалары тобы бойынша шығармашылық емтихандар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткізіледі. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан өткізілетін күндерді Қағиданың 22-бабында көрсетілген мерзімге сәйкес университет қабылдау комиссиясы белгілейді.

Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін жоғары оқу орны президентінің (ректорының) бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне мамандық бойынша дәріс жүргізетін профессор-оқытушылар (немесе келісімімен ішінара БАҚ өкілдері) құрамынан 5 адамнан тұратын комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу түрі, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және талапкерлерге құжат қабылдау басталғанға дейін хабарланады.

Шығармашылық емтихандар саны – 2 (шығарма және кәсіптік жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу).

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

#### **4. Апелляция**

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқығын қорғау мақсатында Ректор бұйрығымен, төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтінішті өз атынан береді және шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижесімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

#### **5. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен тақырыптар тізімі, бағалау көрсеткіштері**

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге бастапқы бетті толтыру ережесі, эссе көлемі, емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижесін жариялау орны және апелляцияға өтініш беру тәртібі түсіндіріледі.

Алдымен оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі.

Шығарма жазбаша өткізіледі. Жазбаша шығармашылық емтихан кезінде талапкерлер ұсынылған тақырыптардың біріне эссе жазады. Жазбаша шығармашылық емтихан тақырыптарын қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді. Талапкерлерге ұсынылатын жазбаша шығармашылық емтихан тақырыптарынан кездейсоқ ретпен 9 тақырып іріктеліп алынып, әр билетте 3 тақырыптан үш нұсқада арнайы конверттерге желімделіп, қабылдау комиссиясы басшысының қолы қойылып, мөр басылып, қабылдау комиссиясының сейфінде емтихан басталғанша құпия сақталады. Жазбаша шығармашылық емтихан тақырыптары бағдарламалық тақырыптар тізімі түрінде емтиханға 3 күн қалғанда қабылдау комиссиясының арнаулы хабарландыру тақтайшаларына ілінеді (немесе онлайн өткен жағдайда университеттің ресми сайтына жүктеледі).

1-ші шығармашылық емтихан жазбаша таңдаған тақырыптағы эссе түрінде өткізіледі.

Таңдаған тақырыптағы эссе – жеке пікір, әсер, толғаныс композициясындағы еркін формадағы жазбаша шығарма. Шығарма стилі – публицистикалық, тілі – мектеп бағдарламасының лексикалық, морфологиялық және синтаксистік норма шеңберінде. Эссеге қойылатын негізгі талап берілген тақырыптың ашып көрсетілуі. Талапкер қоғамдық маңызы бар деректерді таңдай білуі, талдай алуы және түсінік бере білуі, соның негізінде белгілі бір қорытынды жасай алу біліктілігін көрсетуі қажет. Талапкердің дүниетанымдық көзқарасы, қажетті деректерді табу және өз ойын қағазға түсіре білу біліктілігі, қисынды ойлау, дұрыс қорытынды жасай алу қабілеті және т.б. бағаланады.

Таңдаған тақырыптағы эссе көлемі – жазбаша мәтіннің 3-4 беті (2 парақ).

Кәсіби эссе жазу уақыты – 3 астрономиялық сағат.

Талапкерлерге 1-ші шығармашылық емтихан жұмысының (эссенің) жоспарын құруына рұқсат етілмейді. Эссе қабылдау комиссиясы ұсынған, мөр басылған арнайы парақтарға жазылады, оның көлемі қабылдау комиссиясы ұсынған парақтардың екі бетінен кем болмауы тиіс. Талапкерге қабылдау комиссиясы екі парақ ұсынады: бірі – жұмыс парағы, екіншісі – шығарма парағы. *Жұмыс парағына* талапкердің алғашқы ойларын түсіріп, түзетулер енгізуіне рұқсат етіледі. Түзетулерден соң әбден дайын болған жұмыс парағындағы шығарма таза күйінде *шығарма парағына* көшіріледі. Бағалау осы шығарма парағы бойынша жүзеге асырылады.

Талапкердің шығарма жазылған параққа аты-жөнін көрсетуіне, қол қоюына, шығарманы көк сиядан басқа түспен жазуына, басқа да артық белгілер салуына тыйым салынады; талапкердің аты-жөні басқа қосымша парақшаға жазылып, қабылдау комиссиясы тарапынан жасырын шифр қойылып, шығарма тексеріліп, бағасы анық болғанша қабылдау комиссиясында құпия сақталады.

Талапкерлердің 1-ші шығармашылық емтихан жұмыстарын (эсселерін) шығармашылық емтихан комиссиясы мазмұнын, сауаттылығын және стилін бағалай отырып тексереді. Талапкерлердің тақырыпты ашудағы журналистік бейімділігіне, шығарманың тілі мен стиліне, сондай-ақ, мазмұндаудың сауаттылығына ерекше назар аударылады.

**Эссеге ұсынылатын үлгілік тақырыптар:**

1. Тәуелсіздік – тұғырым
2. Абай-дана, дара тұлға
3. Мен және Ел
4. Журналист болғым келеді
5. Астана – бас қала
6. Адамгершілік – асыл қасиет
7. Сезімнің мөлдір тамшылары
8. Ауылымның абзал адамдары
9. Әкешім – асқар тауым
10. Әр қазақ менің жалғызым!

11. Латын әліпбиі – уақыт талабы
12. Қазақстан – ұлттар достығының мекені
13. Ер қанаты ат.
14. Біз жанбасақ лапылдап...
15. Ұлы Даланың жеті қыры
16. Бекзада болмысты батыр Бекзат
17. Рухани жаңғыру – ел мұраты
18. Қарттарым, аман жүрмісің?
19. Менің сүйікті жазушым
20. Адам болу бір бақыт
21. Махаббат – асыл сезім
22. Мектебім – алтын ұям
23. Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген...
24. Мен саған сәбимін...
25. Өмір, мен саған ғашықпын!
26. Туған тілім – анамның тілі
27. Түркістан – жаңа қала
28. Ұлт намысы – менің намысым
29. Ұстазым менің, ұстазым
30. Балалығым – бал дәуренім

**Білім беру бағдарламалар тобы бойынша І-ші шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері**

<b>Білім беру бағдарламалар тобы</b>	<b>Шығармашылық емтихан аты</b>	<b>Талаптары</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
<b>В042- Журналистика және репортер ісі</b>	<b>Шығарма.</b> таңдаған тақырыптағы эссе* – жеке пікір, әсер, толғанис композициясындағы еркін формадағы жазбаша шығарма	<i>мазмұны</i> – суреттелетін тақырыпты түсінуі, идеясының анықтығы, тақырыпты ашу барысында айқын дәйектер мен дәлелдердің болуы (ең жоғары ұпайы	50-35 ұпай («өте жақсы») – шығарма мазмұнын толық ашқан, стильдік сауаттылығы айқын аңғарылып тұратын, ойын ашық жеткізе алатын, сауаттылығы жоғары және логикалық ойлау қабілеті аңғарылып тұратын, сондай-ақ жиынтығын қоса

		<p>-18)</p> <p><b>ерекшелігі (стилі)</b> – мәтін құруда қызықты формаларды қолдануы, оқиғаларды, фактілерді, жағдаяттарды, адамдарды анық, бейнелі, әсерлі суреттеуі (ең жоғары ұпайы -15)</p> <p><b>сауаттылығы</b> – баяндау стилін және тілін игергендігі (ең жоғары ұпайы -12)</p> <p>*Таңдаған тақырыптағы эссе көлемі – жазбаша мәтіннің 3-4 беті (2 парақ)</p>	<p>есептегенде аса елеусіз стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.</p> <p>34-20 ұпай («жақсы») – шығарма мазмұны ашылған, ойлау қабілеті аңғарылатын, логикалық тұрғыдан жинақы, сауаттылығы жақсы, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.</p> <p>19-5 ұпай («қанағаттанарлық») – сауаттылығы біршама аңғарылатын, ойлау қабілеті сезілетін, логикалық тұрғыда тұжырым жасауға тырысатын, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде 7 стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.</p> <p>4-0 ұпай</p>
--	--	---	---

			(«қанағаттанғысыз») – жазуға икемділігі аңғарылмайтын, өзінше ойлау қабілеті өте төмен, сауаттылығы нашар, сөйлем құрауға икемсіз, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде 10-нан аса грамматикалық және стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.
--	--	--	--

**50-35 ұпай** («өте жақсы») – шығарма мазмұнын толық ашқан, стильдік сауаттылығы айқын аңғарылып тұратын, ойын ашық жеткізе алатын, сауаттылығы жоғары және логикалық ойлау қабілеті аңғарылып тұратын, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде аса елеусіз 3 стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.

**34-20 ұпай** («жақсы») – шығарма мазмұны ашылған, ойлау қабілеті аңғарылатын, логикалық тұрғыдан жинақы, сауаттылығы жақсы, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде 5 стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.

**19-5 ұпай** («қанағаттанарлық») – сауаттылығы біршама аңғарылатын, ойлау қабілеті сезілетін, логикалық тұрғыда тұжырым жасауға тырысатын, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде 7 стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.

**4-0 ұпай** («қанағаттанғысыз») – жазуға икемділігі аңғарылмайтын, өзінше ойлау қабілеті өте төмен, сауаттылығы нашар, сөйлем құрауға икемсіз, сондай-ақ жиынтығын қоса есептегенде 10-нан аса грамматикалық және стилистикалық қатесі бар шығармаға қойылады.

## **5. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері**

Әңгімелесу кезінде әр талапкер шығармашылық емтихан комиссиясының алдына жеке сұхбаттасу құрып, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған/эфирге шыққан материалдарын немесе өз қолымен жазған/түсірген материалдарының қолжазбаларын/аудио-бейнежазбаларын көрсетеді. Сондай-ақ, жалпы танымдық сұрақтарға жауап беру арқылы өзінің жан-жақты ой-өрісін байқатады. Талапкерлерге қойылатын бағдарлық ауызша

сұрақтардың тізімін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді. Талапкерлерге ұсынылатын 2-ші шығармашылық емтиханның бағдарлық ауызша сұрақтары бірнеше нұсқада жасалып, арнайы конверттерге салынып, желімделіп, қабылдау комиссиясы басшысының (орынбасарының) қолы қойылып, мөр басылып, қабылдау комиссиясының сейфінде құпия сақталады. Ауызша шығармашылық емтихан сұрақтары бағдарламалық сұрақтар тізімі түрінде емтиханға 3 күн қалғанда қабылдау комиссиясының арнаулы хабарландыру тақтайшаларына ілінеді.

Талапкерлер қабылдау комиссиясына портфолио түрінде келесі құжаттарды көрсетеді (қолында бар мүмкіндігіне қарай/жеке папка түрінде):

1) газет, журнал, теледидар, радио редакциялары, ақпараттық агенттік, жарнама компаниясы немесе ҚР Журналистер Одағының жергілікті бөлімшесі, Қазақстан теле-радио жүргізу қауымдастығы және басқа да шығармашылық ұйымдар берген ұсынымдарды, марапаттарды, дипломдар мен алғыс хаттарды;

2) баспасөз бетінде жарияланған немесе радио мен теледидардан берілген жазбалар, репортаждар, корреспонденциялар, өлеңдер, эссе, әңгімелер, бейнесюжеттер, фотосуреттер, баспалық-дизайнерлік жұмыстар, сондай-ақ жарияланбаған және эфирге берілмеген материалдар;

3) оқушылардың аудандық, қалалық, облыстық және республикалық шығармашылық олимпиадалары материалдары;

4) бейнеклиптер, өзі автор болып табылатын компьютерлік және веб-дизайн материалдары, балалар және тағы басқа хабарламалардың жүргізушісі ретінде теле-радио бағдарламалар жазылымдары;

Шығармашылық емтиханға портфолио тапсыру тәртібі (жеке папкаға түптеп):

- газет, журналдарда жарияланған материалдардың қиындысы (фото түпнұсқамен беріледі);

- кассетаға жазылған бейнесюжеттер, радиожазылымдар;

- газетке, журналға жарияланбаған материалдардың мәтіні және эфирге берілмеген теле-радио хабарламалардың сценарийі баспа түрінде;

- барлық жарияланымдарға БАҚ-ның бас редакторының қолы қойылып және мөр мен бекітілуі тиіс;

- материал лақап атпен шыққан жағдайда редакция жетекшісі автордың атын, фамилиясын мақұлдап бекітуі тиіс.

Бұл талапкердің белсенділігінің, шығармашылық позициясының дәлелді құжаты бола алады әрі комиссия алдында әңгіме жүргізу ауанына негіз бола алады.

Талапкердің шығармашылық жұмысы шығармашылық емтихан комиссиясымен бағаланады. Ұсынылған материалдар бойынша олар талапкерді 2-ші шығармашылық емтиханға жіберу немесе жібермеу жөнінде шешім шығарады.

Негізгі мақсат – талапкердің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңінен білу, оның кәсіптік дағдысы мен мәдениетін, дүниетанымын аңғару.

Әңгімелесу шығарма жұмысын жазғаннан кейін араға бір күн салып өткізіледі. Онда комиссия мүшелері талапкерге шығарма жұмысының жетістіктері мен кемшін тұстарын айтып, ақыл-кеңестік бағыт-бағдар беруіне де мүмкіндік туады.

Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесуде (бұдан әрі – Әңгімелесу) талапкердің газет-журналдарда жарық көрген, теле,-радиоэфирден берілген материалдарының немесе қолжазба материалдарының мазмұнына көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, талапкердің қазіргі қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі туралы түсінік-көзқарасы ауызша сұралады, осы тараптағы білімі тексеріледі, жатық сөйлей алуы, сөйлеу мәдениеті, журналистикаға деген бейімділігі ескеріліп, бағаланады.

Әңгімелесу емтиханы бойынша ең жоғары балл саны – 50.

Әңгімелесу бойынша 15 баллдан кем алған немесе емтиханға келмеген талапкерлер емтиханнан өтпеді деп есептеледі.

Әңгімелесуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Осы Бағдарламада реттелмеген кейбір мәселелерді шығармашылық емтихан комиссиясының мүшелері өз беттерінше шешеді.

**Кәсіпке жарамдығын анықтау үшін әңгімелесудің бағдарлық сұрақтары**

1. Журналистика білім беру бағдарламасын неліктен таңдадың?
2. Қандай газет-журналдарды оқисың?
3. Радио тыңдайсың ба? Ұнататын бағдарламаларың, хабарларың?
4. Диктор кім? Теле-радио жүргізуші кім? Айырмашылығы бар деп ойлайсың ба?
5. Өзің тұратын жердегі аудандық не қалалық газетпен, телеарнамен байланысың бар ма? Материалдарың қабылданып, жарияланды ма?
6. Қандай кітап оқыдың, қазір не оқып жүрсің? Сүйікті жазушың?
7. Сені қандай тақырыптар, қандай газет материалдары қызықтырады?
8. Сенің тұрақты көретін телеарнаң? Ұнатып көретін бағдарламаларың?
9. Тұратын аймағыңдағы облыстық, аудандық газетті оқисың ба? Ондағы қандай материалдар қызықтырады?
10. «Ұлан» газетін, «Ақ желкен» журналын оқисың ба? Қандай тақырыптағы материалдары қызықтырады?
11. Өз шығармаларың туралы не айтасың? Материалдарың, жеке күнделік жазбаларың бар ма?
12. Өзің қадірлейтін, еліктейтін журналисің кім?
13. Сенің ұғымыңдағы әділдікті қаймықпай тура жазатын журналист кім?
14. Сенің ұғым-түсінігіңдегі «Тәуелсіздік», «Тәуелсіз Қазақстан»?

15. Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы не білесің?

16. Көрнекті қоғам қайраткерлерінен кімдерді білесің?

17. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы) жөніндегі түсінігің?

18. Парламент мәжілісінің депутаты кім? Атқаратын қызметі, рөлі?

19. Ұлттық өнер мәселесін қалай түсінесің?

20. Қазақ әдебиетінің классик жазушыларынан кімдерді білесің?

21. «Алаш арыстары» деп кімдерді айтамыз?

22. Абайдың қара сөздері жөнінде не білесің?

23. Қазіргі қазақ журналист-жазушыларынан, редакторларынан кімдерді білесің?

24. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жөнінде не білесің?

25. Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қырлы» мақалалары жөнінде қысқаша баяндаңыз

26. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы түсінігің?

27. Қазақстандағы дін ахуалы туралы не айтасың?

28. Қазақстан – сан алуан ұлттар достығының мекені екенін дәлелде?

29. Қазіргі Қазақстанның жетістіктері жөнінде баянда.

30. Латын әліпбиі жөніндегі түсінігің?

Талапкердің интеллектісін, қызығушылығын және бейімділігін, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер туралы оның көзқарасын анықтау үшін комиссия мүшелері басқа да сұрақтар қоя алады.

Қойылған сұрақтар мен әр талапкердің жауабы хаттамаға енгізіледі. Бұл құжаттың соңына жауаптың қысқаша сипаттамасы және жалпы қорытынды беріледі. Хаттамаға комиссия мүшелері қол қояды.

### Білім беру бағдарламалар тобы бойынша ІІ-ші шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Білім беру бағдарламалар тобы	Шығармашылық емтихан аты	Талаптары	Бағалау критерийлері
В042-Журналистика және репортер ісі	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	- Мамандыққа икемділігі және қызығушылығы (өз шығармашылығын жинақтап өткізеді) - Әңгімелесу. Талапкердің	50-35 ұпай («өте жақсы») – комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толыққанды, тыңғылықты, нақты дәлел-мысалдармен аргументтеп, жатық әрі сауатты жауап

		<p>қазіргі қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі туралы түсінік-көзқарасы ауызша сұралады, осы тараптағы білімі тексеріледі, жатық сөйлей алуы, сөйлеу мәдениеті, журналистикаға деген бейімділігі ескеріліп, бағаланады</p>	<p>берген талапкерге қойылады.</p> <p>34-20 ұпай («жақсы») – комиссия мүшелері қойған сұрақтардың басым бөлігіне орташа жауап берген, азғана білімін көрсетіп, журналистік жұмыстың мәнін біршама ұғына алатын талапкерге қойылады.</p> <p>19-5 ұпай («қанағаттанарлық») – комиссия мүшелері қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап бере алмаған, сұрақтан ауытқып, журналистік жұмыстың мәнін атүсті ғана ұғына алатын талапкерге қойылады.</p> <p>4-0 ұпай («қанағаттанғысыз») – комиссия мүшелері қойған сұрақтарға жауап бере алмаған, таңдаған мамандығы туралы хабарының мүлдем жоқ екендігін</p>
--	--	--	---

			аңғартқан, дүниетанымы саяз екендігін көрсеткен талапкерге қойылады.
--	--	--	--

**50-35 ұпай** («өте жақсы») – комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толыққады, тыңғылықты, нақты дәлел-мысалдармен аргументтеп, жатық әрі сауатты жауап берген талапкерге қойылады.

**34-20 ұпай** («жақсы») – комиссия мүшелері қойған сұрақтардың басым бөлігіне орташа жауап берген, азғана білімін көрсетіп, журналистік жұмыстың мәнін біршама ұғына алатын талапкерге қойылады.

**19-5 ұпай** («қанағаттанарлық») – комиссия мүшелері қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап бере алмаған, сұрақтан ауытқып, журналистік жұмыстың мәнін атүсті ғана ұғына алатын талапкерге қойылады.

**4-0 ұпай** («қанағаттанғысыз») – комиссия мүшелері қойған сұрақтарға жауап бере алмаған, таңдаған мамандығы туралы хабарының мүлдем жоқ екендігін аңғартқан, дүниетанымы саяз екендігін көрсеткен талапкерге қойылады.

#### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Омашұлы Н. Ақпарат әлемі: Тандамалы шығармаларының көптомдығы, 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006.
2. Омашұлы Н. Ақпарат әлемі: Тандамалы шығармаларының көптомдығы, 2-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006.
3. Омашұлы Н. Жол үстінде – журналист: Жолсапар очерктер жинағы. – Алматы: Атамұра, 1999.
- Садықов С. Журналистикаға кіріспе: Оқулық. Алматы: Адал кітап, 2023.
4. Қазақ журналистикасының тарихы: (1870-2008 жылдар) /Қырықбай Аллаберген, Жарылқасын Нұсқабайұлы, Файзолла Оразай. - Алматы: Білім, 2014.
5. Қожакеев Т. Жыл құстары- Алматы: 2010
6. Жақып Б. Публицистика негіздері: оқу құралы / Б. Жақып ; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018.
7. Қазақстан журналистері тәжірибесінен: Тәжірибелік нұсқаулық. – Алматы: MediaNET ХЖО.